КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 15 мамыр № 7119-25-00-2/4378 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Джакупов,
сот отырысының хатшысы А.Ерғазының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.194 843 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Батталов Т.Б.;
Жауапкердің өкілдері Богатырев М.А., Дворецкий Я.А.;
Прокурор Рашитова Б.С..;
Аудармашы Нурланова Г.Н.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесі (Тапсырыс беруші) мен «Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Өнім беруші) арасында 2024 жылғы 17 қаңтардағы №40 жалпы сомасы 1 948 436 000 теңгені құрайтын тауарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Өнім беруші 2024 жылдың 25 қарашасына дейін әскери жүктерді жеткізуге міндетті.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға 1 280 636 000 теңгенің тауарын ішінара жеткізген. Тауарларды жеткізу бойынша орындалмаған міндеттемелердің қалдығы 667 800 000 теңгені құраған.

2024 жылғы 09 желтоқсанда талап қоюшы жауапкерге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындамау себебімен шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Шарттың 13.3, 13.4 тармақтарына сәйкес жауапкерден өндіруге 194 843 600 теңге тұрақсыздық айыбы есептелген (есеп бойынша: 1 948 436 теңге * 10% = 194 843 600 теңге).

Талап қою жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындамауымен негізделген. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, 194 843 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі мәлімделген талаптарды қолдап, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында шартта көрсетілген өнімді өндіруші және экспорттаушы американдық Trijicon Inc. компаниясы болып табылатынын, жауапкер 2024 жылғы 27 ақпандағы №16 сыртқы сауда шартын жасасқанын көрсетіп, талап қоюды мойындамады. Бұл өнімдерді экспорттау және жеткізу үшін АҚШ мемлекеттік мекемесі – АҚШ Сауда министрлігінің Өнеркәсіп және қауіпсіздік бюросы (BIS) беретін экспорт лицензиясын алу қажет екенін. Алайда, экспорт лицензиясы Trijicon Inc. компаниясына 2025 жылдың 22 қаңтарында талап қоюшы шартты бұзғаннан кейін ғана берілгенін. Осыған байланысты талап қоюшы шарт бойынша өз міндеттерін толық орындай алмағанын. Сонымен қатар, тауар жартылай жеткізілгендіктен, өндіріп алу үшін ұсынылған тұрақсыздық айыбының сомасы шамадан тыс жоғары екенін. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сот мемлекеттік сатып алуға қатысушыны жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды және тұрақсыздық айыбының сомасын 10 017 000 теңгеге дейін азайтуды сұрайды.

Прокурор сот отырысында талап ішінара қанағаттандырылуы тиіс деген қорытындыны ұсынды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

№1, №2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Документ подписан: Джакупов А. К., 19.05.2025

Дата вступления в законную силу: 20.06.2025, судья Алиев Б. Т., 25.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабының 5 тармағы).

Сот отырысында жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық орындамағаны сенімді түрде анықталды.

Істің белгіленген мән-жайлары сотқа өнім берушінің іс-әрекетін шарттардың талаптарын орындамау тұрғысынан сыни бағалауға негіз береді, бұл оның жосықсыздығын тікелей көрсетеді, іс жүргізу барысында өнім берушінің кінәсін жоққа шығаратын негіздер анықталмаған, Өнім берушінімен ұсынылмаған.

Жауапкердің шарт талаптарын бұзуы нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар келтірілген, өйткені талап қоюшы шарт жасасу кезінде құқығы бар нәрсені алмағандықтан, оның салдары осы қызмет бойынша жаңа сатып алуларды ұйымдастыруға материалдық және адам ресурстарын бұру, сондай-ақ осы талаппен сотқа ұсыну болып табылады.

Осыған байланысты сот іс бойынша жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тануға мүмкіндік беретін қажетті аспектілердің жиынтығы анықталған деген қорытындыға келеді.

Талап қоюды қанағаттандыру кезінде сот сонымен қатар жауапкер өз мойнына алған міндеттемелерді тиісінше орындамау негізінде шартты бұзуды дауламағанын ескереді. Демек, жауапкер шартты бұзудың көрсетілген негіздерімен келіскен.

Жауапкер өкілінің уәждерін сот негізді деп қабылдай алмайды, себебі шарт жасасу арқылы жауапкер оның барлық шарттарымен келіскен. Демек, жауапкер шартта белгіленген мерзімде өзіне алған міндеттемелерін орындауға міндетті болған.

Нақты бұл жағдайда жоғарыда аталған мән-жайлар жауапкердің кәсіпкерлік тәуекелін құрайды.

Шарттың 14.7-тармағына сәйкес, форс-мажорлық мән-жайлардың болуын тиісінше растау Қазақстан Республикасының уәкілетті органы беретін құжат болып табылады.

Сот сондай-ақ өз уәждерін растай отырып, жауапкер Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген форс-мажорлық мән-жайлардың туындағанын растайтын құжатты ұсынбағанын ескереді.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

АК-нің 297 бабының талаптарына сәйкес, егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) кредитордың шеккен залалдарымен

Документ подписан: Джакупов А. К., 19.05.2025

Дата вступления в законную силу: 20.06.2025, судья Алиев Б. Т., 25.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің талабы бойынша борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және борышкер мен кредитордың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуға құқылы.

Сот, егер несие беруші міндеттеменің орындалмауынан немесе тиісті дәрежеде орындалмауынан келтірілген залал көлемінің ұлғаюына қасақана немесе абайсызда себепкер болса немесе олардың азаюына ақылға қонымды шаралар қолданбаса, борышқор жауапкершілігінің мөлшерін де азайтады (АК 364 бабының 1 бөлігі).

Шарт талаптарын бұзғаны үшін талап қоюшы 194 843 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен жүгінген.

Сотта жауапкердің тауарды толық жеткізбегені анықталды. Бұл мәнжайды тараптар сот отырысында даулаған жоқ.

Осыған байланысты айыппұлды өндіріп алу талабы негізді болып табылады.

Сонымен бірге, сот жауапкер 1 280 636 000 теңгеге тауарды ішінара жеткізуді жүзеге асырғандықтан, оны азайтуға негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, өндіріп алу үшін талап етілетін айыппұл несие берушінің залалдарымен салыстырғанда тым үлкен.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, әділдік пен негізділік критерийлерін, сондай-ақ жауапкердің өз міндеттемелерін орындау дәрежесін ескере отырып, сот өндіріп алуға жататын тұрақсыздық айыбының сомасын 194 843 600 теңгеден 70 000 000 теңгеге дейін азайтуды мүмкін деп санайды, ал қалған бөлігін қанағаттандырудан бас тарту қажет.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сәйкес жауапкерден 2 101 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223, 226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және 194 843 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

«Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Республикалық бюджет пайдасына 70 000 000 (жетпіс миллион) теңге

Документ подписан: Джакупов А. К., 19.05.2025

Дата вступления в законную силу: 20.06.2025, судья Алиев Б. Т., 25.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тұрақсыздық айыбы, 2 101 966 (екі миллион бір жүз бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажды төлеу бойынша сот шығындары өндірілсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «А» арнаулы мақсаттағы қызметі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Sunrise Defense Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған 124 843 600 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.К. Джакупов**

Документ подписан: Джакупов А. К., 19.05.2025

Дата вступления в законную силу: 20.06.2025, судья Алиев Б. Т., 25.06.2025

7119-25-3-6/261